

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ ЛАУАЗЫМЫНА ҚАРАМАСТАН БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ САҚТАЛУЫ ТИІС. ОСЫ ОРАЙДА КОМПАНИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ӨНІРЛЕРДЕГІ БАСШЫЛАРЫ ЖЕКЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРГЕ ҚОЛ ҚОЙЫП, ОЛАРДЫҢ МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІ КЕРЕК.



Нұрлан САУРАНБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы



№102 (2710)
10/12/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

МИЛЛИОННЫЙ КОНТЕЙНЕР

Через территорию Казахстана проследовал транзитный поезд с миллионным контейнером.

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан

Состав отправился из китайского города Сиань в Турцию. После прибытия на станцию Алтынколь и перегрузки в сухом порту KTZE Khorgos Gateway с узкой колеи на широкую контейнерный поезд проследовал в порт Актау. Оттуда через Каспийское море направлен в турецкий город Мерсин. Расстояние в 9 тысяч километров от Китая до Турции груз преодолевает за 17 дней.

Таким образом, объем транзитных контейнерных перевозок через Казахстан достиг миллиона ДФЭ.

— Реализация транзитного потенциала страны является одним из приоритетных направлений экономической политики Казахстана. Қазақстан темір жолы проводит активную работу по реализации данной задачи, и с 2010 года наблюдается постоянный рост транзитных перевозок через территорию страны, непрерывно развивается сегмент контейнерного и мультимодального сервисов, — отметил заместитель председателя правления по логистике АО «НК «ҚТЖ» Ерлан Койшибаев.

Стоит отметить, что с 2016 года объемы транзитных контейнерных перевозок выросли почти в 4,5 раза. И, по оценкам аналитиков, в ближайшие годы эта тенденция сохранится.

— На сегодняшний день контейнерные перевозки через Казахстан демонстрируют устойчивую тенденцию развития благодаря созданному национальной компанией «Қазақстан темір жолы» условиям по обеспечению комплексного обслуживания грузопотока, развитию транспортно-логистической инфраструктуры, — сказал генеральный директор АО «KTZ Express» Нурлан Игембаев.

Это достижение стало отличным подарком железнодорожников ко Дню независимости РК.



СЕРВИСТЕР ЛЕГІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



KTZ Express көрсететін сервистер легі Eurasia rail халықаралық конференциясы кезінде таныстырылды. Шара Стамбул қаласында өткен 9-шы Халықаралық жылжымалы құрам, инфрақұрылым және логистика көрмесі аясында өтті деп хабарлайды компанияның баспасөз қызметі.

Түркияда өткен маңызды шараға қатысушылар Еуразияның логистикалық дәліздерін дамыту перспективалары мен ағымдағы жағдай, халықаралық сауда мен цифрландыру мәселелерін талқылады.

Конференция халықаралық сауда аясындағы логистикалық дәліздер мәселесіне арналды. Оған Әзербайжан теміржолының басшылары, Rail Cargo Logistics бас директоры және «KTZ Express» АҚ басшылары да қатысты.

Өз сөзінде «KTZ Express» АҚ-ның Түркиядағы өкілдігінің басшысы Б.Мүкішев Қазақстан аумағы арқылы транзит көлемі, әсіресе, Транскаспийлік Халықаралық Көлік бағдары бойынша жүк ағыны есебінен қарқынды артып келе жатқанын мәлімдеді. Мәселен, биыл өткен 10 айда бағдар бойынша жүк көлемі 11 мыңнан астам ДФЭ құраған. Бұл — өткен жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 80% артық деген сөз.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ МОЩНОСТИ



Терминал российского порта Усть-Луга готов выделить дополнительные мощности для перевалки казахстанского угля.

Перспективы контейнерных потоков обсудили представители АО «KTZ Express» во время посещения крупнейшего российского порта Усть-Луга.

В частности, генеральный директор казахстанской компании Нурлан Игембаев встретился с руководством АО «Ростерминалуголь». К слову, это единственный специализированный и крупнейший морской угольный терминал с высокотехнологичной перевалкой угля. В ходе встречи речь шла о возможности выделения дополнительных мощностей для перевалки казахстанского угля.

Также состоялась встреча с оператором специализированных портовых терминалов в России, компанией Global Port. Оператор управляет восемью терминалами, включая контейнерные и универсальные, а также специализирующиеся на нефтепродуктах, насыпных и навалочных грузах.

Вопросы использования терминальных мощностей порта Усть-Луга обсуждались и в ходе переговоров с руководителями других терминалов. Отмечалось, что контейнерные терминалы порта Усть-Луга готовы для перевалки транзитных и импортных грузов в контейнерах из Казахстана.

Алуа ТЛЕУБАЙ, Нур-Султан

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ВНУТРЕННИЕ ТРЕНЕРЫ
КОМПАНИИ ОБУЧИЛИ СВЫШЕ

51 тыс.

РАБОТНИКОВ НАВЫКАМ И
КОМПЕТЕНЦИЯМ В ОБЛАСТИ
БЕЗОПАСНОГО ПРОИЗВОДСТВА

НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ
В ИНТЕГРИРОВАННОЙ
СИСТЕМЕ «ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ»

ЗАРЕГИСТРИРОВАНО БОЛЕЕ

100 тыс.

СОТРУДНИКОВ

ЗА 10 МЕСЯЦЕВ 2021 ГОДА
ОБЪЕМ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ
ПЕРЕВОЗОК МЕЖДУ
КАЗАХСТАНОМ И
УЗБЕКИСТАНОМ СОСТАВИЛ

20,5 млн тонн

Цифрландыру

Мобильді қосымша локомотив шаруашылығына да жетті

Алдағы жылы «Локомотив бригадасына арналған мобильді қосымша» енгізілмек. Жаңа жоба локомотив шаруашылығын цифрландырудың үлкен жетістігі болады деген болжам жасалып отыр.

Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Шымкент

Бұл туралы Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары Қанат Көбесов пен «Транстелеком» АҚ операциялық қызметтер бойынша басқарма төрағасының орынбасары Мұрат Ахметовтің қатысуымен өткен жиында жан-жақты сөз болды. Жергілікті теміржолшылар, локомотив деполарының өкілдері қатысқан жиын тақырыбы теміржол көлігінде заманауи цифрлық IT технологияларды қолдану болды.

«Локомотив бригадасына

арналған мобильді қосымша» функциясы туралы Қанат Көбесов жан-жақты түсіндіріп өтті. Оның айтуынша, мобильді қосымша қолданыстағы банктердің қосымшасы сияқты оңай да өте тиімді болмақ, және ол келесі жылдан бастап іске қосылады деп жоспарланып отыр.

«Цифрландыру – локомотив шаруашылығына да жетті. Локомотив бригадасына арналған мобильді қосымшада кез-келген тепловоз бен электровоздың қайда жүргенін, бүкіл қимыл-қозғалысын спутник арқылы көріп отыруға болады. Оған қоса, маневр тепловозын да қай станцияда, қай тұйықта жүр және

қандай жұмыс атқаруда, локомотив қанша жанар-жағармай жұмсады, бәрін бақылауға болады. Сонымен қатар, машинист те өзінің қашан медициналық көмексізден өтетінін, қашан сынақ тапсыратынын, қанша сағат жұмыс істегенін, т.т. біліп отырмақ. Мұның бәрі де келешекте жұмыстың үнемді, таза, ашық болу үшін жасалуда», — деді Қанат Көбесов.

Бұдан бөлек, жиында техникалық шығындар бойынша рационализаторлық ұсыныстар, өндірістік қауіпсіздік, қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы, алдағы жылға арналған кешенді жоспарлар да сөз болды.



Батыр КОТЫРЕВ,
главный инженер
АО «НК «ҚТЖ»



В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ РАЗРАБАТЫВАЕТСЯ КОНЦЕПЦИЯ ГЛУБОКОЙ ДЕКАРБОНИЗАЦИИ КОМПАНИИ. ПРЕДУСМАТРИВАЕТСЯ ВНЕДРЕНИЕ НИЗКОУГЛЕРОДНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ. ПЛАНИРУЕТСЯ ПОСТЕПЕННОЕ ПЕРЕВОД ЛОКОМОТИВНОГО ПАРКА С ДИЗЕЛЬНОГО ТОПЛИВА НА СЖИЖЕННЫЙ ПРИРОДНЫЙ ГАЗ И АККУМУЛЯТОРЫ



САЛА КӘСІПОДАҒЫ: ЖЫЛ ҚАЛАЙ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ?

Үстіміздегі жылдың 8 желтоқсанында «Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық кеңесінің Отырысы өтті. Жиында сала кәсіподағының жылдық қызметіне қорытынды жасалды және «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ Жарғысы мен Кәсіподақтың өзге де нормативті және жергілікті актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі қаралды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нур-Султан

Кәсіподақ төрағасы Оразғали Ахметбаев жиынды ашып, күн тәртібін белгілеген соң сөз алған «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитов, Кәсіподақтың әлеуметтік және құқықтық бағыты бойынша ағымдық қызметіне шолу жасады. Компанияда құрылған комиссия құрамында болып, өңірлерді аралап шыққан сапарын баяндаған ол жалпы елде тұрақты ахуал қалыптастырып отырғанын жеткізді. Дегенмен, шешімін табуды талап ететін түйінді мәселелердің де бар екенін жоққа шығармады. Жұпарбек Сәбитовтің айтуынша, биыл кәсіподақ келіп түскен 543 арыз-шағымды қарастырған, оның 297-і еңбекақы төлеумен байланысты болса, еңбек келісімшартын бұзуға қатысты 43, Ұжымдық шарт

талаптарының орындалмауына байланысты 203 шағым келіп түскен.

«Халық арасында болып, жүзбе-жүз кездесіп, сөйлесіп, олардың мұң-мұқтажын тыңдаумен қатар Компанияның өз еңбеккерлерінің әл-ауқатын жақсарту бағытында атқарып жатқан жұмыстарын да жоққа шығармай, түсіндіріп жеткізіміз оң әсерін берді деп ойлаймын. Биыл ҚТЖ теміржолшылардың жалақысын араға алты ай салып екі рет көтерді. Әрине, бұл қазіргі инфляция жағдайында керемет өсім емес. ҚТЖ 2022 жылы да жалақыны 5% көтеруді қарастырып отыр. Біз бұл көрсеткішті 10 пайызға жеткізуді ұсындық. Компания бюджетін жоспарлайтын қаржылық-экономикалық блок қазір бұл мәселені қарастырып жатыр. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай да сыйақы көзделген. Мұның сыртында өндірістік өртүрлі критерийлер бой-



ынша үздік еңбек көрсеткіштерімен танылған теміржолшыларды, ұжымды, бригаданы ынталандыру тәсілі де қарастырылған», — деп атап көрсетті Жұпарбек Абзалбекұлы.

Жұмыс берушімен екі ортада дәнекер болып, жұмысшылар құқын қорғауда кәсіподақ қол қусырып қарап отырған жоқ. Аймақтарда кәсіподақтың араласуымен оң шешім тауып жатқан мәселелер баршылық. Мысалы, Қарағанды бөлімшесіне қарасты Жаңаауыл

станциясының жүктемесі көп және жүк қабылдап-тапсырушылардың жұмысы зиянды факторлармен байланысты екеніне қарамастан төленетін үстеме ақыны алып тастағаны белгілі болды. Осыған орай, Кәсіподақ өз қаражатына сараптама жүргізу арқылы зиянды фактордың барын растап, жұмысшыларға тиесілі үстеме ақыларын қайтаруға қол жеткізген. Қазір осыған ұқсас мәселе Ақтөбе пойыздарды басқару орталығының диспетчерлеріне қатысты

да орын алып отырған көрінеді және бүгінде кәсіподақ осы бағытта жұмыс істеп жатыр.

Кәсіподақ 2021 жылды «Бастауыш кәсіподақ ұйымының жылы» деп жариялап, оның аясында атқарылатын іс-шаралар жоспарын жасаған болатын.

«Бастауыш кәсіподақ ұйымы жылына арналған байқау қорытындысы бойынша бірінші орынды Қыркыңшы машиналандырылған жол дистанци-

ясының, екінші орынды Қостанай магистральдық желі бөлімшесінің кәсіподақ ұйымы, ал үшінші орынды Алтынқол жол дистанциясының кәсіподақ ұйымы иеленіп, оларға арнайы диплом мен қаржылай сыйақы берілді», — деп атап өтті Кәсіподақтың ағымдық қызметін саралаған «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Бақытжан Қуанышев.

Ол сонымен қатар, кәсіподақ ұйымдары мен ұлттық компанияның қолдауымен соғыс және тыл еңбеккерлеріне, теміржолшылардың балаларына, аз қамтылған және көпбалы отбасыларға көрсетілген көмек, жасалған қамқорлық жақында етжей-тегжейлі баяндап берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе — кәсіподақтың жарғысы мен өзге де нормативті және жергілікті актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты пікірталас өріп, көптеген ұсыныстар айтылды. Олардың бәрі жан-жақты талқыланып, сараланып барып шешім қабылданатыны белгілі болды.

Жиын соңында белсенді іс-қимылымен танылып жүрген бірқатар кәсіподақ ұйымының жетекшілері марапатталды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Кәсіподақ

СҰРАҢЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ

Оқырмандар сауалына «Қазкөліккәсіп» ҚБ еңбек қорғау бойынша бас техникалық инспекторы Қайрат Мұқанов жауап береді.

? – Қандай жұмыстарда жартылай ставкамен еңбек етуге болады, арнайы тізімі бар ма?

– Ондай жұмыстардың арнайы тізімі жоқ. Оны кәсіподақпен келісе отырып жұмыс беруші өзі шешеді. Бұл ретте Ұжымдық шартта жартылай ставкамен жұмысқа алынған адамға толық емес жұмыс күні бекітілетінін көрсетіп, уақытын белгілеп жазу керек. Жұмысшыға жалақысы нақты жұмыс істеген уақыты үшін беріледі.

? – Жұмыстағы бухгалтерия көп балалы отбасыға ер мен әйелдің Азаматтық некеде тұруына байланысты 1 қыркүйекке көмек беру бойынша өтінімді қабылдамай отыр. Бұл дұрыс па?

– Ұжымдық шарттың 7-бөліміне сәйкес жұмыс берушінің міндеттері мынадай: 1 қыркүйекте 3 немесе одан көп оқушы балалары барларға, 2 оқушы баланы тәрбиелеп отырған жалғызбасты анаға 2 АЕК көлемінде материалдық көмек беру. 16.04.1997 жылғы «Тұрғын үй қатынастары» Заңының 2-бабы бойынша «толық емес отбасы», яғни отбасында баланы ата-аналардың біреуі ғана тәрбиелеп отырған жанұя, оның ішінде ажырасқандар да бар. Ал осы заңның 1-бабы 12-тармақшасына сәйкес жалғызбасты әйелдер деген – некеде тұрмаса да бала өсіріп отырған әйелдер. Олар бұрын некеде тұрған-тұрмағанына қарамастан баланы әкесіз өсіруі мүмкін. Жалғызбасты ананың мәртебесі неке туралы жағдайы бойынша анықтама немесе АХАЖ органдары беретін №4 формалы анықтама арқылы анықталады. Неке туралы құжат болмаған жағдайда құлтар баланың әкесін нақтылауы керек болады. Ол үшін АХАЖ бөліміне барып, әкесі баланың өзінікі екенін растап және оған тегін беруге дайын екенін жазып, өтінім береді. Содан кейін баланың ресми әкесінің аты-жөні жазылған туу туралы куәлік шығарылады. Сонда ғана әрбір балаға тиісті көмекті алуға болады.

? – Электр қауіпсіздігі бойынша мамандандырылған ұйымдарда оқытылған жұмысшыларды қосымша техникалық сабақтан өткізу туралы «КТЖ» ҰК» АҚ инспекциясы жұмысшыларының талаптары дұрыс па?

– Дұрыс, себебі темір жол көлігіндегі энергетика мен басқа саладағы энергетикада бірқатар айырмашылықтар бар. Олар бұрын осы салада арнайы білім алса да темір жолда қосымша білім алуы керек, бұл теміржолдағы электрлендірілген телімдерде болатын аса қауіпті аймақтардағы жұмыстар кезінде қауіпті сейілтуге септік етеді.

Дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

ӘТЖК – 100 жыл

ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТКЕ ҚҰРМЕТ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

«Әскерлендірілген темір жол күзеті» ЖШС-нің ел шығысындағы Семей филиалы да өзінің жүз жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтті.

Айтулы дата алдымен сала ардагерлері үшін үлкен мерей екені анық. Сондықтан филиалдың кәсіподақ ұйымының төрағасы Амантай Қатпенев бастаған топ салаға еңбегі сіңген ардагерлерге құрмет көрсетті. Олардың арасында жуырда ғана 90 жасқа толған Хабдуллажол Мухамедиев ақсақал мен теміржол күзетінде көп жылдар еңбек еткен зейнеткер Құсайын Ахметов бар.

Жүз жылдыққа арналған салтанатты шарада филиал басшысы Самат Раимбеков көпшілікті мерейтоймен құттықтады. – Бүгінде филиал қарамағындағы барлық нысандар сапалы күзет жасақтарымен қамтамасыз етілген. Мұның барлығы – әлбетте, қырағылық пен қажырлылықты талап ететін үлкен жұмыс. Өткен жылмен салыстырғанда биылғы жылы желі бойында ұрлық-қарлық саны он бес пайызға артқаны байқалады. Бұл, әрине, бізді де алаңдатады. Сондықтан Семей филиалының ұжымы алдағы уақытта өзіне жүктелген міндеттерді атқаруда жауапкершілік пен қырағылықты арттырады. Бүгінгі таңда ол үшін барлық жағдай жасалған, – деді Самат Фазизұлы.

Филиал басшысы атап өткендей, ерен еңбегімен ерекшеленген жандардың қатары мол. Мәселен, күзетті ұйымдастыру бөлімінің бастығы М.Қыңырбеков, 1-ші санатты инженерлер К.Ахатаев, Қ.Базарғалиев, А.Мұхамеджанов, сондай-ақ, шұғыл оңтайлы әрекет ету тобының бастығы Ш.Мамырбеков, Өскемен-1 станциясы атқыштар командасының бастығы Қ.Нығметжанов, осы команданың аға күзетшілері Б.Сырымбаев, А.Мұқашев – ұжымның абырой беделін арттыратын кәсіби мамандар.

Сонымен қатар, үздік қызметкерлер ұлттық компания басшысының құрмет грамотасымен, басшылықтың мақтау қағаздарымен марапатталды. Сондай-ақ, 100 жылдыққа орай арнайы шығарылған төсбелгілер табыс етілді. Қонақтарға кәдесыйлар тарту етілді.

Суретті түсірген автор

МАҚСАТ – ЗИЯНДЫ ФАКТОРЛАРДЫ ЖОЮ



Маңғыстау теміржолында соңғы бір айдың көлемінде басшылық пен жұмысшылар арасында бірнеше кездесу ұйымдастырылды. Мақсат – біреу. Қауіпсіздікке нұқсан келтіретін факторларды жою және болдырмау жолдарын пысықтау.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Жергілікті жиындарда өткен айда басталып, желтоқсанда аяқталып жатқан «Назар аударыңыз – машинист, маневрлік жұмыс!» «Тежегіш табандық – ерекше бақылау!» айлықтарының мән-жайлары мен анықталған кемшіліктердің себеп-салдарлары талқыланды. Маңғыстау қосалқы бөлімі басшысының бірінші орынбасары Е.Бүркітовтің төрағашылығымен станциялардың, вагон және локомотив деполарының ұжымдарымен өткен басқосулар өзара сұхбат, сұрақ-жауап форматында өтті.

– Айлықтың шеңберінде осындай талқылау жиындарын өткізудеміз. Алдымен Бейнеу станциясында, сосын Шепте, Сай-Өтес, Маңғыстау станцияларында жалғасты. Барлығында көтерілген бір мәселе – қауіпсіздік жағдайы. Табантежегішпен қалай жұмыс істеу керек, маневрлік жұмыс-

тардың қауіпсіз жүргізілуі, орын алған қателіктер талданып, тақыланды. Сонымен қатар ел теміржолында болып жатқан жағдайлармен таныстыру, қауіпсіздікке нұқсан келген оқиғалардың шығу себептері мен салдары, одан сабақ алу жолы айтылды. Тексерістер барысында анықталған қателіктерді жою жолдары да сөз болды, – дейді Маңғыстау қосалқы бөлімі басшысының бірінші орынбасары Е.Бүркітов.

Жиын қорытындысы бойынша кемшіліктердің алдын алу, түзету мақсатында арнайы тапсырмалар берілді. Станция басшылары осы тұрғыдан жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырды. Сондай-ақ, бұл басқосуларда теміржолшылардың кәсібіне сай біліктілігі де сынға түсті. Кейбір қызметкерлерді қайта сынақтан өткізу қажеттігі айтылса, енді бірлерінің өз ісіне ұқыптылығы мен жауапкершілігі өзгелерге үлгі етілді.

Сонымен қатар ППЗД/12022-и



телеграфтық нұсқауында көрсетілген пайдаланылмаған маршрутпен маневрлік жұмыс жасау бұйрығын барлық машинистер мен станция кезекшілеріне мұқият оқыту, станцияларда техникалық жұмыс жүйесінің талаптарын, қызметтік нұсқаулықтардың орындалуын қатаң тексеру, кірме жолдарда вагондарды беру және алу келісімшарттарының, кірме жолда қозғалысты ұйымдастыру және қызмет көрсету тәртібі нұсқаулығының сәйкестігіне, дұрыстығына тексеріс жүргізу міндеттері қойылды.

Сондай ақ, стандартты емес жағдай орын алған уақытта станция басшылығы кезекшінің іс-әрекетін жеке бақылау үшін қасында болу керектігі және вагондарды табандық тежегішпен дұрыс бекітуіне бақылау күшейтілуі, қызметкерлердің міндетін дұрыс орындауына, жылжымалы құрамалардың және жекелеген вагондардың дұрыс бекітілуіне, сөйлесу регламентін қатаң сақтауға бақылау қажеттігі талап етілді. Сайып келгенде, қауіпсіздікке талап барынша күшейтілді.

Суретті түсірген автор

«СЕРГЕК» КАМЕРАСЫ СҰРАНЫП ТҰР



Көлік қатынасы көп теміржол өткелдеріне «сергек» камерасын орнату қажет дейді мамандар. Себебі кейбір жүргізушілер пойызбен жарысып, жабық тұрған жолдан өте шығуға асығатын көрінеді. Ал бейнебақылау камерасы тұрғасын ереже бұзуға қаймығып, еріксіз аяқ тартады.

Айсұлтан АРМАН,
Маңғыстау

Дегенмен, камера орнатылған кейбір өткелдерде орын алған жол-көлік оқиғасын анықтау да кейде қиынға соғып жатады екен. Себебі, тұрақты техникалық күтім жасап тұрмағасын кейде ашылмай қалып жатқандары да бар деседі.

– Өткен он бір айда Маңғыстау жол дистанциясына қарасты теміржол өткелдерінде 7 рет ереже бұзушылық болды. Соның төртеуінде жол полициясының қызметкерлеріне бейнебақылау болмағандықтан оқиғаның толық суретін анықтау қиынға соқты. Кейде бақылау құрылғысында өткелден өту тәртібін бұзған жүргізушілер көлігінің нөмірі де көрінбей жатады дейді. Дегенмен, жоқтан бар жақсы, біз қазір «сергек» камерасына ұсыныс беріп жатырмыз. Жақсы құрылғының құны шамамен 700-800 мың теңге тұрады екен. Жоғары басшылыққа және облыстық ішкі істер департаментіне хат жібердік. Енді



келер жылдан үміт етіп отырмыз, – деген Маңғыстау дистанциясының жетекші инженері Мұхтар Кулчанбаев «сергек» ілініп тұрса, теміржол өткелінен өтетін автокөлік тізгіндеушілер қауіпсіздікті ойламаса да, камераға ілініп, айыппұл арқаламау үшін тәртіпке бағынатынына сенімді.

Бүгінде «сергек» камерасы Маңғыстау жол дистанциясына қарасты 34 өткелдің тек біреуінде ғана бар екен. Күзетпелі төрт

өткелдің қалған үшеуінде – теміржолшылар өздері орнатқан қарапайым бақылау құрылғысы. Оның да біреуі істен шығыпты.

Ал өткелдегі жол-көлік оқиғасы өткен жылғыдан артқан. Себебі – жеңіл көлік жүргізушілерінің қарапайым сақтық шараларын сақтамауы. Сондай нөмқұрайлылықтың салдарынан түбек теміржолының 13-шақырымдағы өткелінде «Ниссан Максима» жеңіл көлігі маневрлік тепловозбен соқтығысқан. Бұдан басқа Жаңаөзенде автокөлік иесі бағдаршамның қызыл шамына бағынбай, автоматты шлагбаумды соғып кетіпті.

– Осы жылы түбектегі барлық теміржол өткелдері тексерілді. Қорытындысы бойынша Маңғыстау мен Р бекеті аралығындағы екінші шақырымдағы жекеменшікке қарасты өткелдің кем-кетігі ретке келтірілді. Енді 314-шақырымдағы біздің өткелге қарама-қарсы тұрған «КаспийЦемент» мекемесіне қарайтын өткелді де жөндеуге ұсыныс береміз. Ескіріп, жарамсыз күйге шақ қалып тұр, – дейді Мұхтар Кулчанбаев.

Суретті түсірген автор

ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШ САҚТАЛАДЫ



Қызылорда станциясының теміржолшылары жыл басынан бері өндірістік жұмыс көлемін ұлғайтуда айтарлықтай жетістікке қол жеткізді. Жүк тиеу-түсіру процесінде, статистикалық жүктеме және жұмыс паркінің сақталуын арттыруда жоғары көрсеткішпен мақтана алады.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Станция басшысы Қайрат Төрединов ұсынған мәліметтерге көз салсақ, шындықта мақтанш етерліктей, жұмыс өнімділігін айғақтайтын негізгі көрсеткіштер 106,91 мен 152,89 пайыз аралығында орындалған екен. Аймақ бойынша карантиндік шектеулер бәсеңдемесе де тұтынушылардың азық-түлік тауарларын тиеу және түсіру сұранысы теміржолшылар тарапынан толық орындалуда. Теміржолшылардың

тоқсан пайыздан астамы екпе алған, арақашықтықты сақтау, антисептикті тұрақты қолданып жүру, бетперде тағу сынды шектеулерді ұстанып, ауысым алдында дәрігерлік тексеруден өтуі қатаң бақыланады.

Таңертеңгі лездемеден кейін ауысым аралық пысықтау инструктажы өтіп, тәулікте атқарылған жұмыстар есебі мен бірінші кезекте атқарылуы тиіс тапсырмалар белгіленіп, сол бойынша жұмысқа кірісетін станция теміржолшыларының қимыл-қозғалысы басшылықтың қатаң

бақылауында болады. Станция кезекшілері мен пойыз құрастырушылардың маневрлік жұмыстар кезінде локомотивті тиімді пайдалана білуі, пойыздық байланыс регламенттерін сақтап диалог жасау тәсілдері талапқа сай болуы қадағаланады. Өйткені станция бастығының айтуынша, темір тәртіпке негізделген салада ұсақ-түйек деген болмайды.

– Көрсеткіштердің жоғары деңгейге жетуі – станция ұжымының еңбегінің нәтижесі, дегенмен, тәжірибелі маневр диспетчері Талғат Дәуленов пен пойыз құрастырушы Ғани Ұзақов, жүк қабылдап-тапсырушы Азамат Дурманов пен аға тауар кассирі Жанар Смағұлованың еңбектерін ерекше атап өтер едім. Олардың өндірістегі тәжірибелері мен станция жұмысына жүгінетін клиенттермен үнемі байланыста болып, тапсырыстың орындалуын да ұдайы назарда ұстауы кәсіби теміржолшының бойынан табылатын қасиеттер деп білемін, – дейді станция бастығы.

Сыр елінің бас қақпасы Қызылорда станциясының ұжымы жоғары көрсеткішті жыл соңына дейін сақтап, Туалсіздік тойына лайықты тарту жасайды деп сендірді станция басшысы.

Суретті түсірген автор

БЛАГОСОСТОЯНИЕ РАБОТНИКОВ – ОДНА ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ЗАДАЧ КТЖ



АКТУАЛЬНО

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Подходы к управлению мотивацией персонала, премирование и социальная поддержка работников АО «КТЖ» стали главными темами мероприятия, объединившего на платформе Zoom свыше 200 участников из разных регионов страны.

Открывая заседание HR-комитета, заместитель председателя правления по корпоративным вопросам и HR АО «КТЖ» Серик Кеулимжаев отметил, что тема мотивации выбрана неслучайно.

– Исходя из обратной связи на встречах с трудовыми коллективами, поступающих обращений рядовых работников, а также достигнутых к настоящему моменту результатов, нам необходимо поставить определенные HR-приоритеты и цели по повышению производительности труда и эффективности производства в новом году, – сказал он. – И одна из важнейших задач, стоящих перед компанией, – рост уровня благосостояния сотрудников КТЖ.

Серик Кеулимжаев отметил важность внутреннего обмена практиками между дочерними предприятиями и филиалами компании.

Особенностью последнего в этом году HR-комитета стало расширение его географии – одним из спикеров выступила заместитель начальника службы управления трудовыми ресурсами и организационной структуры Западно-Сибирской железной дороги Ирина Опрышко. Она поделилась основными инструментами мотивации персонала, применяемыми в ОАО «РЖД».

Директор департамента управления человеческими ресурсами АО «КТЖ» Сауле Истеваева в своем выступлении подробно рассказала о подходах к управлению мотивацией персонала.

– Система совокупного поощрения включает в себя вознаграждение, льготы, развитие талантов и признание заслуг работников, управление эффективностью и баланс «работа – жизнь», – отметила она.

На сегодня большая часть коллектива компании представлена работниками в возрасте от 30 до 50 лет. Доля сотрудников от 20 до 30 лет – 16%, от 50 до 60 лет – 24%, старше 60 – 4%.

– Для каждой категории работников могут применяться разные виды мотивации. В целом в компании имеется широкий спектр инструментов: социальный пакет, награды, программы обучения и развития, карьерные возможности, молодежная политика, – сообщила Сауле Истеваева.

Она добавила, что в настоящее время в АО «КТЖ» ведется работа по развитию комплексной

системы мотивации на повышение производительности и эффективности деятельности, которая включает в себя три основных элемента. Первый – текущее премирование всех работников – ежемесячно за выполнение планов; второй – прогрессивное премирование наиболее эффективных работников – единовременное за бизнес-результат; третий – проектное премирование – единовременное поощрение проектной команды за инновации и инициативы (по фазам реализации).

ВКЛАД ОЦЕНИТ ПРЕМИЕЙ
Подробнее о текущем премировании работников рассказала главный менеджер департамента управления человеческими ресурсами филиала АО «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Почетный железнодорожник Гульнар Катаева.

– Справедливость в оплате труда всегда предполагает вознаграждение согласно вкладу работника в результаты труда. Поэтому в нашей компании принят такой подход премирования производственного персонала, – отметила она. – К тому же внедрение мотивации с применением коэффициента трудового участия (КТУ) предоставило руководителям инструменты для материального поощрения своих подчиненных в зависимости от вклада.

Прежде чем внедрить премирование по КТУ в 2019 году проведен ряд встреч с работниками дистанций пути, электроснабжения, сигнализации и связи, в ходе которых обсуждались понижающие и повышающие критерии по определению размера КТУ, процесс учета, производственные показатели.

Премирование основано на трехуровневой системе показателей: безусловные, производственные и индивидуальные показатели.

Безусловные показатели – это отсутствие аварий, крушений, схода по вине бригады, а также случаев травматизма. Если показатели первого уровня выполнены, то премия начисляется в зависимости от выполнения показателей второго и третьего уровней. Показатели второго уровня – это производственные показатели предприятия на уровне бригады, а показатели третьего уровня – индивидуальные показатели на уровне работника (КТУ).

С января 2020 года премирование внедрено для бригадиров и монтеров пути. С августа 2021 года оно тиражировано на работников дистанций электроснабжения: электромехаников, включая старших ЭЧ, электромонтеров и машинистов автотоматрисы. А с 1 декабря текущего года премированием охвачен производственный персонал дистанций сигнализации и связи: электромонтеры СЦБ, связи, КТСМ, радиосвязи, маши-



нысты компрессорных установок, слесари, электрогазосварщики, токари, аккумуляторщики.

На примере производственных показателей участка Агбасар – Есиль Гульнар Катаева рассказала о положительном эффекте внедрения системы премирования бригадиров и монтеров пути.

– За два года количество километров пути с балльной оценкой «отлично» увеличено на 23,8%, на 3% выросла техническая и участковая скорость, на 30% повысилась среднемесячная заработная плата монтеров и бригадиров пути, – отметила она.

В свою очередь, старший HR бизнес-партнер Асель Актау поделилась информацией о прогрессивном премировании за бизнес-результат.

– Целью прогрессивного премирования является повышение заинтересованности сотрудников в росте эффективности перевозок, увеличении доходов и финансовой устойчивости компании, – подчеркнула она. – Если текущее премирование направлено на достижение плановых показателей, то прогрессивное предусматривает выполнение показателей, которые здесь и сейчас могут повлиять на дополнительное повышение эффективности перевозок.

Пилотное внедрение прогрессивного премирования в АО «КТЖ» планируется в первом квартале 2022 года на базе Павлодарского отделения ГП.

КУРС – НА ПРИЗНАНИЕ ЗАСЛУГ

Главный менеджер департамента управления человеческими ресурсами Саян Сыздыков в своем выступлении рассказал о достигнутых результатах в области оплаты труда и социальной политики за 2020–2021 годы и планах на 2022 год.

– В 2021 году заработная плата сотрудников КТЖ выросла в среднем на 21%. К Дню независимости

РК в два раза увеличены выплаты за награды работникам. В 2021 году дополнительно к 65 знакам «Почетный железнодорожник» будет выдано еще 30 знаков. Изменился размер единовременных премий к праздникам – если к профессиональному празднику бригадиров и монтеров компании выплачена премия в размере 1 МРЗП, то к 30-летию юбилею независимости Республики Казахстан размер выплат увеличен до 1,5 МРЗП, – сообщил спикер.

Кроме того, железнодорожники пользуются льготами, предусмотренными корпоративным стандартом ФНБ «Самрук-Қазына», – матпомощь к отпуску на оздоровление и при наступлении исключительных событий, медобслуживание, льготное санаторно-курортное лечение, премии к праздникам, поощрение сотрудников к юбилейным датам, надбавки к отраслевым наградам, гарантии для пенсионеров, летний отдых детей и многие другие.

Дополнительно в текущем году за вакцинацию сотрудник до конца декабря может использовать два оплачиваемых отгула в любое удобное время, а на Новый год на каждого ребенка работника КТЖ (вне зависимости от места проживания) предусмотрена выплата по 0,5 МРП.

Программа HR-комитета выдалась довольно насыщенной, полезной и прикладной. Участники получили обратную связь и ответы на все интересовавшие их вопросы. Завершила заседание интеллектуальная викторина на знание основных правил и новшеств систем оплаты труда и мотивации работников. Лучшим в ней стал сотрудник Центра разработки и внедрения типовых нормативов по труду ЦПЛ Еркен Токтаров.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ПРОЧНЫЙ ЗАСЛОН ПРАВОНАРУШЕНИЯМ

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан



ПРАВООРЯДОК

Создание общественного порядка и безопасности на железной дороге – дело непростое и требует круглосуточного внимания. Железнодорожники совместно с сотрудниками линейного отдела полиции трудятся днем и ночью.

На объектах железнодорожного транспорта проводятся специальные оперативно-профилактические мероприятия по поддержанию надлежащего правопорядка.

Так, с 5 по 11 декабря текущего года на станции Нур-Султан сотрудниками транспортной полиции совместно с железнодорожниками проводится оперативно-профилактическое мероприятие «Правопорядок». Совместно с сотрудниками линейной полиции, военизированной охраны регулярно проводятся рейды, направленные на пресечение нарушений на железной дороге, оперативно-поисковые мероприятия по выявлению лиц, занимающихся противоправными деяниями, привлечение к ответственности и постановку на учет. Ведь одной из ключевых задач является безопасность пассажиров, пользующихся железнодорожным транспортом.

В течение трех дней сотрудниками УДП выявлено 42 административных правонарушения, в том числе за совершение мелкого хулиганства – 2, за распитие спиртного или появление в состоянии алкогольного опьянения в общественном месте привлечены 10 лиц, выявлено 6 иностранных граждан, нарушивших правила пребывания в стране.

По словам железнодорожников, данные мероприятия направлены прежде всего на обеспечение правопорядка на транспорте в период празднования Дня независимости Республики Казахстан и Нового года.

ВОСПИТЫВАТЬ ЛИЧНЫМ ПРИМЕРОМ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы



ПРОФИЛАКТИКА

В целях профилактики подростковой преступности и детского травматизма, а также пресечения фактов нахождения несовершеннолетних в ночное время на объектах железнодорожного транспорта на территории станции Алматы-1 проводится оперативно-профилактическое мероприятие «Подросток».



В рамках мероприятия железнодорожники совместно с инспекторами группы ювенеальной полиции проводились рейдовые мероприятия, в ходе которых оформлены протоколы по фактам прохода несовершеннолетних через железнодорожные пути в неустановленных местах.

Кроме того, в первый день инспектором линейного отделения полиции на станции Алматы-2 майором полиции Жазирой Арыновой проведен анонимный опрос 30 студентов Алматинского колледжа телекоммуникаций и машиностроения. Анкетирование было направлено на выявление фактов вымогательства. В ходе беседы ребятам рассказали, куда можно обратиться, если они столкнутся с подобным правонарушением.

– Приучать ребенка к правилам жизни в обществе следует с детства. Акцентировать внимание детей нужно на ответственном поведении, необходимости и важности отвечать за свои действия. И самое главное – демонстрировать им собственный положительный пример. Ведь чему бы вы их не учили, поступать они будут так же, как вы, – отмечает Жазира Арынова.

Хулиганские действия тоже имеют место. Так, в ходе оперативно-профилактического рейда сотрудниками ЛОП на станции Капчагай задержан ученик 6-го класса за повреждение стекла маневрового тепловоза. Дело прекращено в связи с тем, что подросток не достиг возраста уголовной ответственности. Отвечать за его проступки теперь придется родителям.

Фото автора

ПЕРВЫЕ ЖЕЛЕЗНЫЕ



В этом году исполняется 20 лет со дня открытия железнодорожной линии Аксу – Дегелен, связавшей север страны с восточными регионами. Это одна из крупнейших строек за годы независимости Казахстана. О том, как реализовывался этот масштабный проект, нам рассказали железнодорожники, благодаря которым он и появился.

Жанара ЖУСУПОВА,
Павлодар

Напомним, возведение железной дороги общей протяженностью 184 километра стартовало 17 июня 1998 года. Строительство продолжалось три года. 19 июня 2001 года состоялось официальное открытие, в котором принял участие Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Благодаря появлению железнодорожной ветки Аксу – Дегелен на 600 километров сократилось расстояние между северными и восточными регионами. Она связала области между собой. До этого они были отдаленными

друг от друга, транспортная связь осуществлялась через южный регион Казахстана или по железной дороге России. Как сообщали тогда СМИ, при перевозках грузов по новому маршруту транспортные расходы сократились на 15–20%, а со сдачи линии в постоянную эксплуатацию – в три раза по сравнению с существовавшим уровнем.

Как рассказывают железнодорожники, жизнь в Майском районе после запуска линии, можно сказать, расцвела. Сельчане теперь имеют возможность, не приезжая в Павлодар, купить билеты, из Коктобе без пересадок добраться до Нур-Султана, Алматы, Усть-Каменогорска, сейчас

по этому участку курсируют пассажирские и скоростные электропоезда «Тальго». Кроме этого, было создано более 150 новых рабочих мест.

В организацию строительства грузовых перевозок Канат Альмагамбетов и Шагдарбек Жайсанбаев, главный инженер Павлодарского отделения грузовых перевозок Рафаил Сабаров, главный инженер Павлодарской дистанции электрооборудования Станислав Потовский, Жидилов, начальник Павлодарской дистанции пути Олег Цой, руководитель Павлодарской путевой машинной станции Тулебай Бубаев, начальник станции Аксу Николай Федоришин, директора (в разные



годы) Павлодарского отделения грузовых перевозок Канат Альмагамбетов и Шагдарбек Жайсанбаев, главный инженер Павлодарского отделения грузовых перевозок Рафаил Сабаров, главный инженер Павлодарской дистанции электрооборудования Станислав Потовский, Жидилов, начальник Павлодарской дистанции пути Олег Цой, руководитель Павлодарской путевой машинной станции Тулебай Бубаев, начальник станции Аксу Николай Федоришин, директора (в разные

годы) Павлодарского отделения грузовых перевозок Канат Альмагамбетов и Шагдарбек Жайсанбаев, главный инженер Павлодарского отделения грузовых перевозок Рафаил Сабаров, главный инженер Павлодарской дистанции электрооборудования Станислав Потовский, Жидилов, начальник Павлодарской дистанции пути Олег Цой, руководитель Павлодарской путевой машинной станции Тулебай Бубаев, начальник станции Аксу Николай Федоришин, директора (в разные

годы) Павлодарского отделения грузовых перевозок Канат Альмагамбетов и Шагдарбек Жайсанбаев, главный инженер Павлодарского отделения грузовых перевозок Рафаил Сабаров, главный инженер Павлодарской дистанции электрооборудования Станислав Потовский, Жидилов, начальник Павлодарской дистанции пути Олег Цой, руководитель Павлодарской путевой машинной станции Тулебай Бубаев, начальник станции Аксу Николай Федоришин, директора (в разные

годы) Павлодарского отделения грузовых перевозок Канат Альмагамбетов и Шагдарбек Жайсанбаев, главный инженер Павлодарского отделения грузовых перевозок Рафаил Сабаров, главный инженер Павлодарской дистанции электрооборудования Станислав Потовский, Жидилов, начальник Павлодарской дистанции пути Олег Цой, руководитель Павлодарской путевой машинной станции Тулебай Бубаев, начальник станции Аксу Николай Федоришин, директора (в разные

дистанции пути после окончания Ташкентского института инженеров железнодорожного транспорта. В Павлодарское отделение дороги перешел через два года ревизором по безопасности движения путевого хозяйства, а в январе 1985-го стал главным инженером Павлодарской дистанции пути, – вспоминает Олег Иванович. – В то время коллектив имел право выбирать руководителя, меня коллеги избрали начальником этого предприятия. В 2002 году перешел в отдел пути, который только создали в отделении дороги. 14 лет занимал должность заместителя директора отделения магистральной сети, открывшегося в 2002 году. Оттуда и ушел на пенсию.

К слову, более половины коллектива железнодорожников линии Аксу – Дегелен работают на участке с момента его запуска в эксплуатацию. Это электромеханики СЦБ Мейрам Быхин, Рашит Жапишев, Мурат Сулейменов, работники Павлодарской дистанции электроснабжения Ардак Каппасов, Тoley Байбатин, Каирболат Каббасов, сотрудники путевого хозяйства Фердинанд Байер, Нуржан Булатов, Нуркаир Бакенов и многие другие.

Фото из архива

В ДЕНЬ ОБРЕТЕНИЯ НЕЗАВИСИМОСТИ



Электромонтер по ремонту воздушных линий электропередачи Кушмурунской дистанции электроснабжения филиала АО «НК «КТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» Нурсултан Кулахметов – ровесник независимости, чем по праву гордится.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

На глазах молодого человека развивалась компания, строились новые предприятия, появились новые профессии. Из обычного парня Нурсултан стал одним из лучших специалистов в своей области.

В семнадцать лет он окончательно осознал, что хочет трудиться на железной дороге. Поступил в Акмолинский колледж Казахской академии транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева на специальность «автоматика, телемеханика и управление движением



на железнодорожном транспорте». Трудовой путь начал в 2014 году электромонтером Атбасарской дистанции электроснабжения. Спустя несколько лет Нурсултан перевелся

электромехаником ремонтно-ревизионного участка станции Аркалык. В январе 2018-го перешел на аналогичную должность в Костанайскую дистанцию электроснабжения. С момента открытия Кушмурунской дистанции электроснабжения в сентябре 2019 года и по настоящее время работает электромонтером по ремонту воздушных линий электропередачи участка Аркалык.

Коллеги о нем говорят: позитивный, квалифицированный специалист, принимает активное участие в профсоюзных мероприятиях.

– Я стал свидетелем того, как непонятные когда-то для меня стратегии и планы воплощаются в жизнь. Это был не только бурный рост одного отдельно взятого подразделения, но и становление и развитие всей компании, – отмечает Нурсултан Кулахметов.

По словам молодого специалиста, для него важно ощущать результаты своей работы. Важно видеть, как задуманное реализуется здесь и сейчас. Так и в детстве было: увлекательно наблюдать и чувствовать, как творится история, как запускаются вокруг новые проекты.

Фото автора

МЕНИЦ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН!



Конкурс «Менің Отаным – Қазақстан! (Моя Родина – Казахстан!)» по нескольким номинациям среди железнодорожников – членов профсоюза проведет ОО «КАЗПРОФТРАНС» по Защитинскому узлу к 30-летию независимости.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Особенно интересно то, что в нем можно участвовать и всей семьей, и всем рабочим коллективом, ведь

такие состязания еще больше сближают и родственников, и коллег. Сроки проведения конкурса – со 2 по 17 декабря. Участвуя в первой номинации, необходимо создать индивидуальные или коллективные

видео с поздравлениями ко Дню независимости республики. Простор для фантазии безграничен.

Еще две номинации – для детей, но это вовсе не означает, что родители не смогут им помогать. Одна из них – на лучшее эссе по теме «Менің Отаным – Қазақстан! (Моя Родина – Казахстан!)». В этой номинации могут участвовать дети членов профсоюза в возрасте от 10 до 13 лет. Еще одна номинация – на лучший рисунок по той же теме, участниками могут стать дети в

возрасте от 5 до 9 лет.

Во главу угла организаторы конкурса, а это первичные профсоюзные организации железнодорожных предприятий Защитинского узла, ставят развитие патриотизма, выявление талантливых работников и членов их семей, создание условий для повышения их социальной активности. Подвести итоги конкурса в профсоюзе собираются 20 декабря, уже после праздника. Победителей ожидают дипломы и денежные призы. Так что участвовать в конкурсе не только интересно и познавательно, но и выгодно!

«ЖЕҢІС» ЖОБАСЫ – ЖАҢА МАЗМҮНДА



Ақтөбелік теміржолшылар Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі қарсаңында «Жеңіс» әлеуметтік-қайырымдылық жобасын жаңа мазмұнда жандандыруды қолға алды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

«Самұрық-Қазына» компаниясының бастамасымен Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлеріне көмек көрсетуді көздеген жоба аясында ақтөбелік теміржолшы ерікті жастар жыл басынан бері 370 рейд жасап, азық-түлік себеттерін таратқан. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі қарсаңында олар ардагерлердің талап-тілектерін орындауды Бас-

панов Рим ақсақалдың шаңырағынан бастады. Соғыс жылдары тылда еңбек еткен ақсақалдың жүріп-тұрып қиындап кеткен. «Жеңіс» әлеуметтік-қайырымдылық жобасының Ақтөбедегі жетекшісі Руслан Жұмағалиев тыл ардагерінің сұрауымен мүгедектер



арбасын әкеліп берді. Қуаныштан көз жасына ерік берген ақсақал теміржолшы жастарға қайта-қайта алғыс айтты. «Алғыстан басқа айтармыз жоқ. Төсек тартып қалған бізді ұмытпай, қуанып жатсындар. Қызметте еңбектерің жана берсін. Егеменді еліміздің болашағы жарқын болсын», – дейді 90 жастағы Рим Баспанов.

«Жеңіс» әлеуметтік-қайырымдылық жобасының теміржолшы ерікті жастары тағы бір тыл ардагеріне үй жылытқыш пен электр шайнегіні сыйлады. 80 жастан асқан Екатерина Алюшина жастарға осындай қажеттілігін айтқан. Яғни, бұл жолы азық-түлік себетін емес, ардагерлерге өздері сұраған заттарды апарып берген.

Айта кететік, «Жеңіс» жобасы елімізде 2015 жылдан бастап жүргізіледі. Осы уақыт ішінде жоба еріктілері еліміздің барлық қалаларында қайырымдылық шараларын ұйымдастырып келеді.

Суретті түсірген автор

Спорт



ЖАРАЙСЫҢДАР, ЛОКОМОТИВШІЛЕР!

Спорт теміржолшылардың сенімді серігіне айналғалы қашан. Жұырда Ганюшкино станциясында волейболдан өткен жарыс Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Ганюшкино станциясы

Жарысқа 8 команда: Ганюшкино локомотившілерінен құралған команда, Ганюшкино станциясы, Атырау белгі беру және байланыс дистанциясы телімі, ЭЧ-4 энергетиктері, вагон депосы, ардагерлерден құралған топ және аудандық БЖСМ командалары қатысып, өзара сайысқа түсті. Дөпты қақпақылдан ұру да шеберлік, волейбол ойынының ерекшелігі де сонда, мұлт кетсең ұпай жіберіп аласың. Ойыншылар төрт сағат бойына тартысып, бас жүлде үшін барын салды. «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» демекші, ақырында сайыс қорытындысымен бірінші орынды Ганюшкино локомо-

тившілері командасы, екінші орынды теміржолшы-ардагерлер, ал үшінші орынды Құрманғазы БЖСМ командасы иеленді. – Темір жолда спорттың қай түрінен де жарыстар жиі өтіп тұратыны – жақсы тенденция. Ол жұмысшының спорттық қалпын және денсаулығын сақтауына көмектеседі. Бүгінгі волейболдан өткен жарысқа жасымыз алпысқа таяса да команда құрып қатысып, екінші орынды иемдендік, – дейді жол жөндеуші З.Сәбікеев. Кәсіподақтың ұйымдастыруымен сайыс жеңімпаздары түрлі маарапатқа ие болды.

Суретті түсірген автор

Маңғыстау теміржолында Тәуелсіздіктің отыз жылдығына арналған спорттық сайыстар жалғасуда. Бұл аптада Маңғыстау станциясында орналасқан мекемелерде еңбек ететін әйелдер арасында волейболдан жарыс өтті.



БҰРЫМДЫЛАР БАҚ СЫНАСТЫ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Әрқайсысы бір-бір үйдің түтінін түтетіп отырған ардулар теміржолшы ғана емес, спортшы да бола алатындарын өте тартысты да шиеленісті өткен ойын барысында дәлелдеді. Теңбіл допты торда тулатудан асқан шеберлік пен ептілік танытқан Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясының нәзік жандыларының өнеріне жанкүйерлер төнті болды. Қорытынды есеп бойынша осы команданың бағы жанып, жүлделі бірінші орынды иемденгені ешкімді таң қалдырмағаны анық. Маңғыстау станциясының екінші, вагон депосының қыз-келіншектері үшінші орынды алды. Ал Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің волейбол-

шылары ең соңғы орынды қанағат тұтты. – Теміржолдың жұмысы қауырт болса да уақыт тауып, бірі ауысымнан шығып, екіншісі демалыс кезін пайдаланып команда сапында өнер көрсетіп жатқан қыз-келіншектеріміздің белсенділігіне ризамыз. Ол біздің теміржолшылардың спортқа жақындағанын, салауатты өмір салтын ұстануға құштарлығын көрсетеді, – дейді Маңғыстау темір жолының спорт нұсқаушысы Эльвира Айтжанова. Еске сала кетейік, мұның алдында түбек теміржолшылары арасында шағын футбол, волейбол, үстел теннисінен жарыстар өткен еді.

Суретті түсірген автор

В минувший вторник коллектив железнодорожников филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» принял участие в акции по безвозмездной сдаче крови «День донора».



ДОНОРЫ СПАСАЮТ ЖИЗНИ

Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам директора предприятия Марлена Кокрекбаева, главная цель проведения подобного мероприятия – информирование людей о необходимости создания банка крови.

– Очень важно, чтобы неравнодушные люди стали донорами на добровольной основе, – считает он. – В настоящее время донорскому движению уделяется большое внимание. На сегодняшний день нет аналога человеческой крови, и в ней ежедневно нуждаются тысячи пациентов различных отделений. Возможно, кровь наших сотрудников спасет кому-то жизнь.

В акции приняли участие 30 сотрудников

организации. Кто-то из них – донор со стажем, а кто-то впервые сдавал кровь. Однако все работники подошли к этому вопросу с полной ответственностью. Они подготовились к процедуре сдачи крови согласно предписаниям медиков. Забор донорской крови у железнодорожников принимали сотрудники Карагандинского центра крови.

– По статистике, в среднем один донор спасает жизнь четверем пациентам и тем самым совершает благое дело. Очень важно достучаться до сердец других людей, чтобы они подключились к акции по пополнению рядов доноров-добровольцев, – заключил Марлен Кокрекбаев.

Фото автора

УКРЕПЛЯЕМ ИММУНИТЕТ

В АО «НК «КТЖ» продолжается прививочная кампания. По последним данным, против covid-19 привиты более 93 тысяч железнодорожников. За последнюю неделю получили вакцину более 80 работников стальной магистрали.

В целом по компании общий процент получивших первый компонент составил 85,4%, второй – 83,7.

Железнодорожники к вопросу иммунизации отнеслись со всей ответственностью. Они понимают, что covid-19 может

прийти в любую семью, под угрозой каждый человек. И только вакцинация – это самое эффективное и экономически выгодное средство защиты против инфекционных болезней, известных современной медицине. Работники магистрали отмечают, что тяжелые страдания, которые причиняли инфекции в прошлом, должны служить постоянным напоминанием о необходимости своевременного проведения профилактических прививок.

Асель ШАЙХЫНОВА

КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сындыбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Карағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Костанай: Аслан Кудабаяев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдаң Ертаев 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаяева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.